

№1 ХАТТАМАСЫ

Күні 28.12. 2023ж

Қатысқандар – 3 ата –ана, 1-кәсіпкер, 1-учаскелік полиция қызметкері

Күн тәртібінде:

1. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында Қамқоршылық кеңес жоспарын құру, кеңес төрайымын сайлау туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес хатшысы Кангожина Н.Т сөз алды: білім беру ұйымдарында Ққамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасында кеңес төрайымын сайлауға ұсыныс берілді. Кеңес мүшелері бір ауыздан Баянкулова Айсауле Жалгасовнаны ұсынды. А.Ж.Баянкулованың кандидатурасы дауысқа салынды, барлық мүшелермен мақұлданды.

Келесі мәселе бойынша кеңес төрайымы А.Баянкулова 2024 жылға арналған жылдық жоспарды құру бойынша келесі шараларды енгізу қажеттілігіне тоқталды: балабақшадағы балалардың дамуына қажетті құрал-жабдықтарды демеушілер көмегімен алып беру, материалдық-техникалық базаны нығайтуға көмек беру, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балаларға қолдау көрсету, балабақшаға ойын материалдары мен оқу - әдістемелік әдебиеттер сатып алуға көмектесу т.с.с.

Қаулы:

1. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Айсауле Жалгасовна Баянкулова бекітілсін.
2. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының Қамқоршылық кеңестің жоспары құрылсын, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:

Баянкулова А.Ж.

Кангожина Н.Т.